

**Дария ҚОЖАМЖАРОВА, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі:**

– Ректорлар кеңесінің кезекті басқосуында күн тәртібіне шығарылған мәселелердің мемлекеттік тұрғыдағы маңызы ерекше деуге болады. Себебі, еліміздегі жоғарғы оқу орындарының жұмысын жаңа заман талабына сай қайта жаңғырту жайы кеңінен әңгімеленді. Баршаға белгілі жоғарғы оқу орындарындағы жүйені оқытушы-профессорлар құрамымен қатар таңдаған мамандығына сай білімін жетілдіру үстіндегі жүздеген студент жастар құрайлы. Сондықтан, оларға сапалы білім мен саналы тәрбие сіңірумен қатар бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасуы үшін үлкен мүмкіндіктер ұсынғанымыз жөн.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жақындағы жастармен жүздесуінде шешімін күткен көптеген мәселелерге ерекше тоқталған еді. Әсіресе, жұмыс берушілермен қарым-қатынасты нығайту арқылы болашақ мамандардың кәсіби салада тағылымдама жинақтауын қамтамасыз ету қажеттілігіне басымдық берді. Студенттер дегеніміз – үнемі қозғалыстағы жанды ағза. Еліміздің экономикасы ілгері дамысын десек – болашақ маман бүгінгі студенттердің жағдайын одан әрі жақсартуға айрықша көңіл бөлгеніміз дұрыс. Олардың әлеуметтік мәселесін айтқанда, ең алдымен, шәкіртақы мен жатақхана және тұрақты еңбекпен қамтылуы. Осы орайда, менің ойымша, студенттердің тәжірибеден өту мәселесіне де айрықша көңіл бөлінуі тиіс. Жылдар бойы шешімін күткен бұл жағдайды біз жасырмауымыз қажет. Бұл бағытта мүдделі тараптармен бірлескен жұмыстарды жүргізуге әрдайым дайынбыз.

Президентіміз Жастар жылы қорытындыланған жиында студенттерге берілетін шәкіртақы мөлшерін келесі жылдың басынан қосымша 25 пайызға арттыру туралы тапсырма жүктеді. Үкімет бұл бағытта тиісті шараларды жедел қолға алғанын көріп отырмыз. Бұл көптен күткен үлкен жаңалық. Мемлекет басшысының бұл бағалы бастамасына алғыс білдіреміз.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен бұған дейін де жастардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, соның ішінде студенттер үшін мемлекеттің тарапынан қажетті көмектер көрсетілгені белгілі. Ендігі кезекте, олардың барлық санатына төленетін шәкіртақының мөлшері ұлғаятын болады. Бұл бағытта бюджеттен қыруар қаржы жұмсалатыны анық. Демек, жалпы қоғамның назары студент жастарға барынша бұрылды. Осы қолдау мен көмектер студенттердің ғылымға бет бұрып, қарым-қабілеттерін танытуға барынша ынталандыратыны анық. Сонымен қатар, кеңестік кезеңнен қалған сабаққа келіп-кетуіндегі кейбір кемшіліктерді түзетуге және басқа да олқылықтардың орнын толықтыруға ықпал жасайтындығы даусыз.

Білімнің сапасын жоғарылату мақсатында қазіргі кезде бұрынғы бағдарламалардың мазмұнына өзгерістер енгізілуде. Себебі, жаһандық заманда бәсекеге төтеп берудің талаптары да өте жоғары. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасымен бірге еліміздің аймақтарындағы ерекшеліктеріне сәйкес қандай мамандық иелеріне сұраныс бары сараланып, жұмыс берушілердің студенттерді іс-тәжірибеден өткізуге мүмкіндік жасау жайы талқылануда. Содан соң, олар бейімделгеннен кейін тұрақты жұмыспен қамту жайы қолға алынуы тиіс.

Уақыттың үдерісіне сәйкес, жаңа дәуір жастарының санасын жақсылықтарға жетелеу педагогтердің парасатты парызы. Бұл бағалы бастамалардың жүйелі түрде толық жүзеге асатындығына сенім мол.

***Ляззат ТУРКЕСТАНОВА, Нурлан МЕРАЛЫ***





